**Аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі кезектен тыс комиссия отырысының**

**ХАТТАМАСЫ**

**№ 02-001/55**

**Жымпиты ауылы** **29 қыркүйек 2022 жыл**

**Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы** **сағат $15^{00}$**

**Төрағалық етуші:** Ахметов Ерболат Әжмұханбетұлы – аудан әкімінің орынбасары, төтенше жағдайлар комиссиясы төрағасының орынбасары.

**Қатысушылар:** Жасталап Ғабит Ығылманұлы – аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі, төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою жөніндегі аудандық комиссия мүшелері, ауылдық округ әкімдері, БАҚ өкілі. *(Тізім бойынша)*

**Күн тәртібінде:**

**1. 2023 жылдың көктем мезгілінде аудан аумағындағы су тасқынының алдын-алу жұмыстарына және дала өртінің алдын алу, жою жұмыстарына қаржы сұрау туралы**

---

*(Ғ.Жасталап, С.Нурпейсов)*

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Ғ.Жасталаптың және Қособа ауылдық округінің әкімі Б.Жаймановтың ұсыныс-пікірлері назарға алынсын.

Көктемгі су тасқыны кезеңінің алдын-алу мақсатында, Қособа ауылдық округінің аумағында орналасқан бөгеттерді арнайы техникалардың көмегімен топырағын көтеру жұмыстарына аудандық төтенше жағдайларға арналған қаржы есебінен қаржы бөлу мүмкіндігін сұрады.

Сонымен қатар, дала өртінің алдын және жою жұмыстарына жанар жағармай сатып алу үшін қаражат бөлу сұралды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша айтылған ұсыныстарды назарға ала отырып, аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**1. Аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы М.Шалабаев:**

- Жоғарыда аталған ұсыныстарды ескере отырып, көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында, Сырым ауданы әкімінің аппаратына 2000 (екі мың) литр дизель отынын (1 литр – 260 теңге) сатып алуға 520 000 (бес жүз жиырма мың) теңге және аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы Қособа ауылдық округ әкімінің аппаратына бөгеттерді топырақпен көтеру жұмыстарына тартылған техникалар шығынына 400 000 (төрт жүз мың) теңге қаржы бөлінсін;

**Барлығы: 920000 (тоғыз жүз жиырма мың) теңге.**

**Комиссия төрағасының орынбасары** **Е.Ахметов**